Әділет

# Қазақстан Республикасының жұмыс қолы көп және жұмыс қолы жетіспейтін селолық аудандарының 1994-1995 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1256 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі N 692 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.03 N 692 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі ұсынған Қазақстан Республикасының жұмыс қолы көп және жұмыс қолы жетіспейтін селолық аудандарының 1994-1995 жылдарға арналған тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы, облыстардың әкімдері аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу кезінде халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатымен 1994 жылдан бастап қаржының (кредиттің) және материалдық-техникалық ресурстардың қосымша жұмыс орындарын құруға, жұмыс қолы көп аудандарда және қоныс аударушыларды қабылдаушы аудандарда тұрғын үй салуға басымдықпен жұмсалуын ескеретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, облыстардың әкімдері халықты жұмыспен қамтудың аймақтың бағдарламаларын әзірлеу кезінде:

жұмыс қолы көп аудандар үшін - жұмыссыздыққа жол бермеу шараларына негізделген, жұмыс күшінің қайта бөліну процестерін басқаруға, кадрлар даярлау мен қайта даярлауды жетілдіруге, қосымша жұмыс орындарын құруды көтермелеуге бағытталған белсенді жұмыспен қамту саясатын жүргізуді;

жұмыс қолы жетпейтін аудандар үшін - негізінен басқа мемлекеттер мен ТМД республикаларынан қоныс аударушыларды жіберуді, олардың жұмысқа және шаруашылық-тұрмыстық жағынан орналасуларына бақылаудың күшейтілуін көздейтін болсын.

4. 1996 жылдан бастап жұмыс қолы көп және жұмыс қолы жетіспейтін аудандардың тізбесін Қазақстан Республикасының Еңбек және Ауыл шаруашылығы министрліктерімен келісе отырып, облыстардың әкімдері бекітетін болсын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан

Республикасының жұмыс қолы көп және жұмыс қолы жетіспейтін селолық аудандарының 1992-1993 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" 1992 жылғы 10 наурыздағы N 208 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 10, 179-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 желтоқсандағы
N 1256 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының жұмыс қолы көп және жұмыс қолы жетіспейтін селолық аудандарының 1994-1995 жылдарға арналған
Тізбесі

| Облыстар | Жұмыс қолы көп селолық аудандар | Жұмыс қолы жетіспейтін селолық аудандар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Ақмола | | Атбасар |
| | | Вишнев |
| | | Селеті |
| Ақтөбе | Әйтекеби | |
| | Ақтөбе | |
| | Алға | |
| | Байғанин | |
| | Бөгеткөл | |
| | Исатай | |
| | Ленин | |
| | Қобда | |
| | Мартөк | |
| | Мұғаджар | |
| | Ойыл | |

| | | |
|---|---|---|
| | Октябрь | |
| | Темір | |
| | Хромтау | |
| | Шалқар | |
| | Ырғыз | |
| Алматы | Қаскелен | |
| | Кеген | |
| | Райымбек | |
| | Ұйғыр | |
| Атырау | Құрманғазы | Жылыой |
| | Қызылқоға | |
| Батыс Қазақстан | Жанқала | |
| | Қаратөбе | |
| | Сырым | |
| | Тайпақ | |
| Жамбыл | Жамбыл | |
| | Жуалы | |
| | Қордай | |
| | Луговой | |
| | Мерке | |
| | Сарысу | |
| | Свердлов | |
| | Шу | |
| Жезқазған | Шет | |
| Көкшетау | Еңбекшілдер | |
| | Қызылту | |
| | Куйбышев | |
| | Ленинград | |
| | Ленин | |
| | Рузаев | |
| | Уәлиханов | |
| | Чистополь | |
| Қарағанды | Қарқаралы | Қазыбекби |
| Қостанай | Қамысты | |
| | Комсомол | |
| | Ленин | |
| Қызылорда | Арал | |
| | Жалағаш | |
| | Жаңақорған | |

| | |
|---|---|
| | Қазалы |
| | Қармақшы |
| | Сырдария |
| | Тереңөзек |
| | Шиелі |
| Маңғыстау | Қарақия |
| | Маңғыстау |
| Оңтүстік Қазақстан | Алғабас |
| | Арыс |
| | Жетісай |
| | Қазығұрт |
| | Келес |
| | Киров |
| | Мақтаарал |
| | Отырар |
| | Сайрам |
| | Сарыағаш |
| | Созақ |
| | Төлеби |
| | Түлкібас |
| | Түркістан |
| | Шардара |
| Павлодар | Ақсу |
| | Ақтоғай |
| | Баянауыл |
| | Екібастұз |
| | Ертіс |
| | Железин |
| | Качир |
| | Май |
| | Павлодар |
| | Успен |
| | Шарбақты |
| | Лебяжье |
| Семей | Ақсуат |
| | Аягөз |
| | Бородулиха |
| | Жаңасемей |
| | Жарма |

Мақаншы
Таскескен
Ұржар
Шар
Солтүстік Қазақстан Тимирязев
Талдықорған Қаратал Алакөл
Кербұлақ Көксу
Панфилов
Сарқанд
Торғай Жангелді
Шығыс Қазақстан Большенарым Самар
Зайсан
Күршім
Қатонқарағай
Марқакөл
Тарбағатай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК